

# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

---

## ХАТТАМА

05.09.2025ж

Жетісай қаласы

Өндірістік кеңестің хаттамасы №1

Қатысқандар-10

### Күн тәртібінде

1. Балабақшадағы іс-шаралармен таныстыру. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы.
2. Балабақшаның санитарлық –гигиеналық жай-күйі.
3. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп.
4. Әр түрлі мәселелер.

1.**Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Даулетова 2024-2025 оқу жылында өткізілетін іс-шаралар жөнінде сөз қозғады. 1-қыркүйек білім күнін өткізудегі мақсатымыз балаларға жазғы демалыстың аяқталып енді білім алатын кез келгендігін сондай-ақ білім алу балалар үшін өте маңызды екендігін түсіндіру болып табылады. Биылғы оқу жылында әдістемелік нұсқау хатта берілген «әкелер,аналар, әжелер мектебі» бағдарламасын іске асыру сонымен қатар "Бір тұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру мақсатында екі бағдар бойынша жоспарды біріктіріп құрғанын айтты. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 1-қазан күні қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел-ардақты» деген тақырыпта концерттік бағдарлама ұйымдастырылатынын айтты. Осы мерекелік көнцертті өткізуге барлық әріптестер жұмыла күш жұмсаймыз деп сенемін деді. Педагогтар келісті. Жалпылама алғанда алда жылыдқ жоспар бойынша өткізілетін мерекелік бағдарламаларды да талқылап кетті. Оқу жылының басында әдіскер Р.Бекмирзаева балабақшадағы барлық қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен танысытырып шықты. Барлық қызметкерлер оқып танысып келісіп шықты. Әдіскер А.Даулетова әріптестерден ішкі еңбек тәртібін қатаң сақтап жұмысқа жауапкершілікпен қарау керектігін ескертіп өтті.

**2.Сөз сөйледі:** балабақша мебикесі Ж.Молдамырзаева жаңа оқу жылының басталуына орай балабақшада санитарлық талаптардың орындалу барысына тиісті жұмыстар жүргізілгенін айтты. Барлық топтарда жатын бөлме төсек жаймаларының тазартылып жуылғанын сонымен қатар ауыстырып қолдана алатын кезекті төсек жайманың толық екендігін айтты. Сондай-ақ балаларға күн тәртібіне сәйкес қол жуу тәртібі орындалған барлық гигиеналық заттар толығымен қамтылғанын айтты. Балабақшада тұмаудың алдын алу мақсатында күнделікті таңғы жаттығу жасалып спортқа баулу жүйелі іске асырылып жатқандығын да айта кетті.

**3.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі Г.Темирова жаңа оқу жылының басталуына сәйкес балабақша алаңдарын күл-қоқыстардан тазартып күзгі мезгілге ыңғайластырып дайындау қажеттігін айтып кетті. Бұл мәселені шарауа меңгерушісіне тапсыратынын айтты. Сонымен қатар барлық топтарда оқу жылының басталуына орай балаларға тәрбиелеу мен білім беру процесін тиімді жүзеге асыру үшін топтарда көрнекі құралдардың , т.б. заттардың толықтырылуы керек екенін айтып тәрбиеші апайларға тапсырма берілді. Тәрбиешілер келісім берді. Балаларға тәрбиелеу білім беру процесін іске асыруды бес білім дағдысы бойынша кіріктірілген сабақ өткен жағдайда ойдағыдай нәтижеге жете алатынымызды айтты.

**4. Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері А.Даулетова Балабақшадағы әр түрлі мәселелерге тоқталып өтті. Балабақшада балаларға мұқияттылықпен қарау керектігін әр баланың бізге келген сәттен аманат екенін айтты. Ата-аналар келгенде жылы қабақпен балаларды қабылдап алып қалу керектігін ескертті. Сонымен қатар балабақшаның тазалығын басты назарда ұстау керектігін медбике Ж.Молдамырзаева ескертті. Барлық балабақша қызметкерлі келісті.

#### Шешім:

1. Балабақшада қарттар күніне орай өткізілетін мерекеге бұйрық шығарылып жауапты топ тәрбиешілеріне балаларды дайындау тапсырылсын.
2. Балабақшада барлық топтарда санитарлық талаптарға сәйкес тазалық жұмыстары жүйелі жүргізілсін. Медбике бақылауға алсын.
3. Балабақша топтарында білім беру мен тәрбиелеу процесіне барлық көрнекі құралдар жаңартылсын.

Балабақша меңгерушісі:



Балабақша хатшысы:



# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

---

## ХАТТАМА

06.12.2025ж

Қатысқандар-10

Жетісай қаласы

### Өндірістік кеңестің хаттамасы №2

#### Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту.
3. Тәжірибелік сабақ. Өртті болдырмау ережелері
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация.
5. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі Г.Темирова өткен кеңестің шешімі туралы айтты. Баршамыз «Қарттарым-асыл қазынам» атты іс-шараны өткізіп алдық. Іс-шарада балаларға қарттарды қадірлеп, күтім жасау қажеттігін ұғындырдық. Біздің мақсатымыз балаларға жастайынан әділдікпен, туралыққа, шыншылдық пен достық сезімдеріне тәрбиелеу. Баршаңызға осы сарынмен жұмыс жүргізіп болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі өз үлестеріңізді қоса беріңіздер дегім келеді деп айтты.

Сондай-ақ балабақшаның ішкі жағдайы, тазалығы мен ұқыптылығының да өз ретімен жүргізіліп жатыр деп сенемін. Таза , жайлы жерде отыру өзіміздің саулығымыздың кепілі деп білемін деді меңгеруші Г.Темирова.

**2.Тыңдалды:** балабақша медбикесі Ж.Молдамырзаева балабақшадағы барлық топтардың тазалығы мен реттілігін бақылауда екенін айтты. Балабақшаның ішкі және сыртқы әжетханасы, ыдыстар, жатын орындары барлығыда ауысымды қолданыста екенін айтты.

**3. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі Г.Темирова алдағы уақытта өрт қауәіпсіздігіне байланысты тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің бірігіп

ұйымдастыруымен тәжірибелік сабақ өткізуді ұсынамын. Өрт қауіпсіздігінің сақталу жолдары мен болдырмаудың амалдары жөнінде жұмыстар жүргізілуі керек. Осы жұмыстарды жүргізуді медбике тәрбиеші А.Даулетова әдіскерге тапсырамын. Біз қашанда төтенше оқиғаларға дайын болуымыз керек. Төтенше жағдай олақалған жағдайды ең бірінші сабыр сақтап ақылмен жұмыс жүргізуге кеңес берер едім –деді меңгеруші Р.Бекмирзаева.

**4. Сөз сөйледі:** Г.Темирова алда келе жатқан жаңа жыл мерекесіне баршамызға жүйелі дайындық жасайық дер едім. Жаңа жыл мерекесі балалардың мерекесі болғандықтан көңілді ән мен билерді орындатып жаңа жылдық мерекелік көңілкүй силауды музыка жетекшісі М.Қамбарбекова тапсырамын. Жаңа жылда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтауды бірінші орынға қоюымыз керек. Сондай-ақ ата-аналарға вацап желісінде жиналыс жасап аяз атаның қоржынындағы силықты өздері дайындап аттарын жазып әкелуін тапсырыңыздар. Жаңа жылдық костюмдері реттелген болсын. Әр тәрбиеші өз тобына бақылау жасасын. Тәрбиешілер келісті.

**5. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі Г.Темирова топтардағы ас бөлмесінің реттілігі мен тазалығы жөнінде медбикеден сұрады. Ас бөлмесіндегі жағдайды күнделікті қарап бақылау жасап тұру қажеттігін ескертті. Балалардың тамақтану гигиенасына да тоқталып өтті. Балалар тамақтанар алдында қолдарын сұйық сабындармен тазалап жуынып асқа дайындық жасау тәртібін үйрету керектігін айтты. Медбике күнделікті қарап бақылауға келісті.

Шешім:

- 1.Балабақшада Өрт қауіпсіздігі жөнінде тәжірибелік сабақ жүргізілсін.
2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық жүргізілсін.
- 3.Балабақшаның жалпы, ішкі және сыртқы тазалығы сақталсын.

Балабақша меңгерушісі:



Балабақша хатшысы:

